ГОВОРИМ. ДУМАЕМ. МЕНЯЕМ.

# Q Campus — студенческая медиаплатформа

Выпускается с 19 марта 2026 года

**Миссия «Q Campus» — быть открытой медиаплатформой университета, которая отражает голос студентов, развивает критическое мышление, формирует медиакультуру и объединяет образовательное, научное и студенческое сообщество через современные форматы журналистики.**

**«Q Campus» медиаплатформасының редакциялық алқасы**

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

| | |
|---|---|
| **Еркінбекова Мейірім Анарбекқызы** – редактор | «Психология және журналистика» академиялық мектебінің басшысы, психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, МАИН академигі |
| **Мектеп Аманқос** – кеңесші | Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Журналистер одағының мүшесі |

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

| | |
|---|---|
| **Абдигапбарова Махаббат Нұрымбетқызы** | 6В03201-Журналистика білім бағдарламасының аға оқытушысы, журналист, әлеуметтік ғылымдар магистрі |
| **Сіләмбек Мунирам** | 6В03201-Журналистика білім бағдарламасының 3-курс студенті |
| **Төреқұл Мөлдір** | 6В03201-Журналистика білім бағдарламасының 3-курс студенті |
| **Ажибай Зере** | 6В04101-Менеджмент білім бағдарламасының 1-курс студенті |
| **Жүнайт Нұрсезім** | 6В04201-Құқықтану: құқық қорғау қызметі білім бағдарламасының 1 курс студенті |
| **Әбілғазы Сымбат** | 6В04201-Құқықтану: құқық қорғау қызметі білім бағдарламасының 1 курс студенті |
| **Әбдіқұл Айана Сапарқызы** | 6В11302- Логистика білім бағдарламасының 1 курс студенті |

**Құрметті оқырман!**

**Сіздердің қолдарыңыздағы "Q Campus" газетінің екінші саны – студенттік өмірдің жаңа тынысын көрсететін ерекше басылым. Бұл нөмірде біз білім, ғылым, шығармашылық және заманауи мүмкіндіктерді біріктірдік.**

**Біздің мақсат – әр студенттің даусын жеткізу, олардың жетістіктерін көрсету және шабыт беру.**

# Q Pulse

# Жаңалықтар/новости

**Жалпы университет бойынша «Кітап сыйла» акциясы 21.04.26 ж. сағат 12:00 де өтеді.**

**1. Мақсаты:** Оқу мәдениетін қалыптастыру, кітапхана қорын толықтыру және қайырымдылық дәстүрін жаңғырту.

**2. Өткізу түрлері:**

- **«Кітапханаға кітап сыйла»:** Оқырмандар өз үйіндегі оқылған, жақсы сақталған кітаптарды кітапханаға өткізеді.
- **«Сыйлыққа — кітап»:** Достарына, сыныптастарына немесе әріптестеріне жаңа кітап сыйлау.
- **«Буккроссинг» (Кітап алмасу):** Арнайы сөре дайындап, кез келген адам өз кітабын қалдырып, орнына ұнаған басқа кітапты ала алады.

**3. Іс-шараның барысы:**

- **Кіріспе:** Ұлттық кітап күнімен құттықтау және акцияның мәнін түсіндіру.
- **Тілек хаттар:** Сыйланатын әр кітаптың ішіне «Келесі оқырманға тілек» немесе «Неліктен бұл кітапты оқу керек?» деген шағын стикер-хаттар жапсыру.
- **Фото-аймақ:** «Мен кітап сыйладым!» деген жазуы бар шағын баннер немесе рамкамен суретке түсу.

Жоспарға сәйкес, 14–23 наурыз аралығында күн сайын ерекше тақырыптағы іс-шаралар өтеді.




**Q Campus приглашает всех принять участие в акции!**

# Студенттік шақ: белсенділік – болашаққа бастар жол

**Студенттік шақтың ең қызық кезі – ол БЕЛСЕНДІ болу. Бұл уақыт тек білім алып қана қоймай, өзіңді жан-жақты дамытуға, жаңа мүмкіндіктерді сынап көруге берілген ерекше кезең. Дәл осы жылдары адам өзінің қабілетін танып, өмірлік бағытын айқындай бастайды.**

**Белсенді студент дегеніміз – тек сабаққа қатысып, тапсырма орындаумен шектелмейтін тұлға. Ол университет өміріне араласады, түрлі іс-шараларға қатысады, қоғамдық жұмыстарға үлес қосады. Осындай әрекеттер арқылы студент тек тәжірибе жинап қоймай, жаңа достар табады, орта қалыптастырады және өзіне деген сенімділігін арттырады.**

**Қазіргі таңда студенттік активизм ерекше маңызға ие. Активизм – бұл өз көзқарасыңды білдіру, қоғамдағы мәселелерге бей-жай қарамау және өзгеріс жасауға ұмтылу. Университет қабырғасында басталған белсенділік болашақта үлкен жетістіктерге жол ашады. Себебі көшбасшылық, жауапкершілік, ұйымдастырушылық қабілеттер дәл осы кезеңде қалыптасады.**

**Сонымен қатар, белсенді студенттер уақытты тиімді пайдалануды үйренеді. Сабақ пен қоғамдық жұмысты қатар алып жүру оңай емес, бірақ бұл дағдылар кейінгі өмірде үлкен артықшылық береді. Бүгінгі белсенді студент – ертеңгі табысты маман.**

**Осы сияқты біздің де университетімізде белсенді студенттерден құралған арнайы ұйым бар. Ол – КДМ (Комитет по делам молодежи). Бұл ұйым университеттегі қоғамдық өмірдің жүрегі деуге болады. КДМ мүшелері түрлі мәдени, танымдық және мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып, студенттердің бос уақытын тиімді әрі қызықты өткізуіне үлкен үлес қосады.**

**Университеттің көркейіп, әр аптаның ерекше әрі мазмұнды өтуі – осы белсенді жастардың еңбегінің нәтижесі. Олар тек шара ұйымдастырып қана қоймай, студенттердің идеяларын қолдап, жаңа бастамалардың жүзеге асуына жол ашады. Сонымен қатар, КДМ студенттерді біріктіріп, достық пен ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады.**






**Қорытындылай келе, студенттік өмір – тек оқу емес, ол өзін табу, даму және қоғамға пайда келтіру кезеңі. Сондықтан әрбір студент бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланып, белсенді болуға ұмтылуы тиіс. Себебі дәл осы белсенділік – жарқын болашақтың кепілі.**

**Ажибай Зере –**
**6В04101-Менеджмент білім бағдарламасының 1-курс студенті,**
**Q Campus газетінің меншікті тілшісі**

# Турсумбаева Галия Идрисовна: «Білімнің сапасы – оны өмірде қолдана алуымен өлшенеді»



**– Сіздің білім беру саласындағы жолыңыз қалай басталды?**

– Менің жоғары білім беру саласындағы еңбек жолым оқытушылық қызметтен 2005 жылдан басталды. Уақыт өте келе ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, академиялық басқару саласына келдім. Бұл сала мен үшін тек мамандық емес, миссияға айналды.

– Жақында ғана аккредитациядан өттіңіздер. Нәтижесіне көңіліңіз толады ма?

– Иә, біз жақында аккредитациядан сәтті өттік. Нәтижесіне жалпы алғанда көңіліміз толады. Бұл – ұжымның жүйелі еңбегінің нәтижесі. Сонымен қатар, сарапшылардың ұсыныстары біз үшін алдағы даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

**– Сіз үшін "сапалы білім" деген не?**

– Сапалы білім – бұл тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар студенттің практикалық дағдылары, сыни ойлау қабілеті және тұлғалық дамуы. Білім өмірде қолданылатын болуы тиіс.

**– Студенттердің академиялық еркіндігі қаншалықты ескерілген?**

– Қазіргі таңда студенттердің академиялық еркіндігіне үлкен мән беріледі. Олар пәндерді таңдау, оқу траекториясын құру сияқты мүмкіндіктерге ие.

**– Қазіргі білім беру жүйесінің ең басты мәселесі қандай деп ойлайсыз?**

– Негізгі мәселе – теория мен практиканың арасындағы алшақтық. Бүгінгі күні студенттер көбіне теориялық білім алады, бірақ оны нақты өмірде қолдану дағдылары жеткіліксіз қалыптасады. Сондықтан біз білім беру процесінде практикалық бағытты күшейтуге ерекше мән береміз. Мысалы, университетте құқықтық клиникаларды дамыту маңызды. Бұл студенттерге нақты кейстермен жұмыс істеуге, құқықтық кеңес беруге және кәсіби тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.
Осындай тәжірибелік алаңдар арқылы студенттер тек білім алып қана қоймай, оны өмірде тиімді қолдануды үйренеді.

**– Жасанды интеллектті білім беру процесінде қолдануға көзқарасыңыз қандай?**

– Жасанды интеллект – бұл қазіргі заманның маңызды құралы болғанымен, мен оның білім беру процесінде кеңінен қолданылуына сақтықпен қараймын. Басты қауіп – студенттердің дайын жауаптарға сүйеніп, өз бетінше ойлау дағдыларын төмендетуі. Егер жасанды интеллект бақылаусыз қолданылса, ол білім сапасына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан біз үшін ең маңыздысы – студенттің сыни ойлау қабілетін дамыту. Жасанды интеллект оқыту процесінде көмекші құрал ретінде ғана қолданылуы тиіс, бірақ ол студенттің ойлауын алмастырмауы керек.

**– Студенттердің ең жиі кездесетін академиялық қиындықтары қандай?**

– Көбінесе уақытты дұрыс жоспарламау, оқу жүктемесіне бейімделу және мотивация мәселелері кездеседі.

**– Университет студенттерге қандай қолдау көрсетеді?**

– Біз академиялық, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсетеміз. Сонымен қатар, тьюторлық жүйе, кеңес беру қызметтері бар.

**– Студенттердің ұсыныстары қаншалықты ескеріледі?**

– Студенттердің пікірлері біз үшін өте маңызды. Арнайы сауалнамалар, кездесулер арқылы олардың ұсыныстары ескеріліп отырады.

**– Академиялық адалдықты сақтау үшін қандай шаралар бар?**

– Университетте академиялық адалдық саясаты енгізілген. Антиплагиат жүйесі қолданылады, студенттерге түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

**– Халықаралық деңгейге шығу стратегиясы қандай?**

– Біз халықаралық серіктестікті дамытудамыз: академиялық ұтқырлық, бірлескен бағдарламалар, шетелдік университеттермен байланыс.

**– Студенттерге қандай жаңа мүмкіндіктер ашылады?**

– Қазіргі уақытта студенттерге халықаралық бағдарламаларға қатысу, ғылыми жобаларға араласу, стартаптарды дамыту мүмкіндіктері ұсынылуда.

**– Сіздің ойыңызша, табысты студент қандай болуы керек?**

– Табысты студент – бұл белсенді, жауапты, өз мақсатын нақты білетін және үздіксіз дамуға ұмтылатын тұлға. Сонымен қатар, ол тек білім алумен шектелмей, өз дағдыларын жетілдіріп, жаңа мүмкіндіктерді іздеп, өзгерістерге бейімделе білуі тиіс.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман, сондықтан оның бастамашылдығы мен өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы ерекше маңызды.

**– Жастарға берер ең маңызды кеңесіңіз?**

– Өздеріңізге сеніңіздер, мүмкіндіктерді жіберіп алмаңыздар және әрдайым дамуға ұмтылыңыздар.

**– Егер қайта студент болсаңыз, нені басқаша жасар едіңіз?**

– Өзімнің өткен жолым ұнайды. Дегенмен, мына мүмкіндіктерді көбірек пайдаланар едім: халықаралық бағдарламаларға қатысып, тәжірибе жинақтар едім.

**– Q Campus оқырмандарына тілегіңіз?**

– Барлық студенттерге сәттілік тілеймін! Әрқайсыңыз өз жолыңызды табыңыздар, армандарыңызға жетіңіздер! Сонымен қатар, мүмкіндіктерден қорықпай, әрдайым ізденісте болыңыздар. Білім – сіздердің ең басты капиталыңыз.

**Сухбаттасқан:** Сіләмбек Мунирам, Төрекұл Мөлдір

Журналистика білім бағдарламасының 3-курс студенттері

## *Турсумбаева Г.И.: «Жасанды интеллект білімді жеңілдетуі мүмкін, бірақ ойлауды алмастырмауы тиіс»*

## Эмоциональный интеллект: ключ к успеху студента

### Что такое эмоциональный интеллект?

Эмоциональный интеллект (EQ) — это способность человека распознавать, понимать и управлять своими эмоциями, а также эффективно взаимодействовать с эмоциями других людей.

В отличие от IQ, который отражает уровень интеллектуальных способностей, EQ напрямую связан с: коммуникацией, стрессоустойчивостью, лидерскими качествами и качеством межличностных отношений.

### Почему EQ важен для студентов?

Современный студент сталкивается с высокой учебной нагрузкой, экзаменационным стрессом и социальной адаптацией.

Именно здесь эмоциональный интеллект играет ключевую роль:

- помогает справляться со стрессом
- улучшает академическую успеваемость
- способствует формированию лидерских навыков
- развивает критическое мышление

### EQ и жизненное благополучие

Исследования показывают, что высокий уровень эмоционального интеллекта напрямую связан с: ✔ удовлетворённостью жизнью, ✔ качеством отношений; ✔ психологической устойчивостью.

Например, анализ взаимосвязи EQ и уровня удовлетворённости (см. график) демонстрирует положительную корреляцию: 👉 чем выше EQ, тем выше уровень субъективного благополучия.

### Основные компоненты EQ

1. **Самосознание** – понимание своих эмоций
2. **Саморегуляция** – контроль реакций и поведения
3. **Эмпатия** – понимание чувств других людей
4. **Социальные навыки** – эффективная коммуникация
5. **Мотивация** – внутренний драйв к достижению целей

### Как развивать эмоциональный интеллект?

📍 Практические рекомендации:

- анализируйте свои эмоции ежедневно
- развивайте эмпатию через общение
- учитесь контролировать стресс
- практикуйте осознанность (mindfulness)
- развивайте навыки активного слушания

## Вывод

Эмоциональный интеллект — это не врождённая способность, а навык, который можно и нужно развивать.

В условиях современной образовательной среды EQ становится одним из ключевых факторов успешности студента, влияя не только на учебу, но и на личностное развитие.

## Кейс №2: Завалили экзамен — можно ли подать в суд на преподавателя?

📌 Ситуация

Студент не сдал экзамен и считает, что преподаватель: оценил **несправедливо** , проявил **предвзятость**, нарушил правила оценивания.

👉 Возникает вопрос: **можно ли подать в суд?**

⚖️ Короткий ответ

❌ **Сразу в суд — нельзя (и почти всегда бессмысленно)**

✔️ Сначала нужно пройти **внутренние процедуры университета**

📜 Что говорит закон?

В соответствии с законодательством РК в сфере образования:

- университет обязан обеспечить **объективную оценку знаний**
- студент имеет право на **апелляцию результатов экзамена**
- преподаватель обязан соблюдать **академическую честность**

👉 Но оценка знаний — это **педагогическая компетенция**, и суд не пересматривает её “по ощущениям”.

□ Что делать студенту? (реальный алгоритм)

**1. Подать апелляцию**

- обычно в течение **24 часов**
- через деканат или систему университета

**2. Обратиться в апелляционную комиссию**

- пересмотр работы
- анализ критериев

**3. Написать жалобу**

- на кафедру
- в учебный отдел

**4. Если есть нарушения — только тогда дальше**

- Министерство образования
- или суд (в редких случаях)

🏛 Когда суд возможен?

✔️ Если есть реальные нарушения:

- нарушение процедуры экзамена
- дискриминация / конфликт интересов
- отсутствие критериев оценивания
- подлог результатов

👉 В этом случае можно требовать:

- отмены результата
- повторной сдачи
- морального ущерба

❗ Когда суд НЕ поможет

❌ “Я учил, но мне поставили 2”

❌ “Преподаватель строгий”

❌ “Мне кажется, что это несправедливо”

👉 Суд не оценивает знания — он оценивает **нарушение процедуры**

💡 Практический совет

📍 Всегда:

- сохраняй работы и ответы
- записывай требования преподавателя
- знай критерии оценивания

🧠 Вывод. Экзамен — это не место для суда, а часть образовательного процесса. Но если нарушены правила — студент имеет право защищать свои интересы.

👉 **Главное — действовать грамотно и поэтапно.**

Анонс. Кейс №3

🎯 “Отчислили из университета — можно ли восстановиться?”

## Как студенту начать карьеру уже сегодня?

### Почему важно начинать сейчас?

**Многие думают, что карьера начинается после диплома.**
**На самом деле — уже с 1 курса.**

**Современный рынок труда ценит не только диплом, но и:**

- **практический опыт**
- **навыки**
- **инициативу**

### 5 шагов к первой работе

**1. Определи направление**

**Кем ты хочешь стать? (журналист, психолог, IT-специалист и т.д.)**

**2. Начни с малого**

✔ **стажировки**
✔ **волонтёрство**
✔ **университетские проекты**

**3. Создай портфолио**

- **статьи**
- **проекты**
- **кейсы**

👉 **Даже учебные работы — это уже опыт**

**4. Развивай soft skills**

- **коммуникация**
- **работа в команде**
- **ответственность**

**5. Нетворкинг — ключ к успеху**

👉 **знакомься**
👉 **участвуй в мероприятиях**
👉 **будь активным**

### Тренды 2026

**Самые востребованные навыки:**

- **цифровая грамотность**
- **критическое мышление**
- **эмоциональный интеллект**
- **креативность**
- **работа с ИИ**

### Ошибки студентов

❌ **“Сначала диплом — потом работа”**
❌ **отсутствие опыта**
❌ **страх пробовать новое**

### Практический совет

**Начни прямо сегодня:**

- **заполни LinkedIn**
- **откликнись на стажировку**
- **участвуй в проекте**

# Q Campus | Join the Team 🚀

# Ищем корреспондентов среди студентов всех ОП!

**Хочешь быть в центре событий?**
**Писать, снимать, брать интервью и создавать контент, который читают все?**

**Тогда тебе к нам — в команду Q Campus**

## Кого мы ищем?

Студентов **всех образовательных программ (ОП)**:

- журналистика
- психология
- юриспруденция
- IT
- экономика
- и любые другие направления



👉 Главное — желание и идеи!



## Что ты будешь делать?

- писать статьи и новости
- брать интервью
- участвовать в съёмках (Q Radio / Q TV)
- освещать мероприятия университета
- предлагать свои рубрики и проекты





## Что ты получишь?

- опыт в медиа
- портфолио
- участие в реальных проектах
- развитие soft skills
- возможность заявить о себе

## Q Campus — это:

👉 голос студентов
👉 креатив и свобода
👉 команда будущих лидеров

**Q Campus — не просто газета. Это ты!**